

Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды бітіргені туралы куәліктің үлгісін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10382 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарын бітіргені туралы куәліктің үлгісі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 253 бұйрығының күші

жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9494 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 18 маусымда жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 қаңтардағы
№ 48 бұйрығына
1-қосымша

Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқытылатын лауазымдар санаты мен оқытудың тақырыптық жоспарларын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 26.12.2022 № 334 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Оқушылардың санаттары мынадай мамандықтар бойынша бөлінеді:

1) өрт сөндірушілер.

Оқыту осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес өрт сөндірушілерді алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары бойынша жүргізіледі;

2) негізгі және арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомашиналарының жүргізушілері. Оқыту осы Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес негізгі және арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомашиналарының жүргізушілерін алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары бойынша жүргізіледі;

3) радиотелефонистер.

Оқыту осы Бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес радиотелефонистерді алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары бойынша жүргізіледі;

4) өрттің алдын алу нұсқаушылары.

Оқыту осы Бағдарламаға 4-қосымшаға сәйкес өрттің алдын алу нұсқаушыларын алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары бойынша жүргізіледі; 5) газ-түтіннен қорғау қызметінің шеберлері.

Оқыту осы Бағдарламаға 5-қосымшаға сәйкес газ-түтіннен қорғау қызметі шеберлерін даярлаудың тақырыптық жоспары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.06.2022 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кәсіби өртке қарсы
қызметтердің мамандарын
арнайы даярлау бойынша оқыту
курстарының бағдарламасына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өрт сөндірушілерді алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.06.2022 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 19.06.2026 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Өрт сөндірушілер		
		Барлығы	Сыныптық-топтық	Практикалық
1	2	3	4	5
I. Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық база				
1	Объектідегі өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қызметін реттейтін заңдар және нормативтік құқықтық актілер	1	1	-
	Барлығы:	1	1	-
II. Өрттің алдын алу дайындығы				
1	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін	1		-

	қамтамасыз ететін жалпы қағидаттар		1	
2	Құрылыс материалдарының түрлері және олардың жанғыштығы	-	-	-
3	Күзетілетін объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жалпы шаралары. От және жөндеу жұмыстары өндірісіндегі өртке қарсы іс-шаралар	1	-	1
4	Күзетілетін объектілердегі өрт қауіпсіздігі қағидалары	1	1	-
5	Ішкі және сыртқы өртке қарсы сумен қамту	1	1	-
6	Түтіннен қорғау және адамдарды құлақтандыру өрт сөндіру жүйелерінің қол және автоматты өрт сигнализациясы қондырғылары	-	-	-
	Барлығы:	4	3	1
III. Өрт-техникалық дайындық				
1	Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі мен жарағы. Дабыл бойынша жиналу, шығу және өрт орнына бет алу	1	-	1
2	Өрт сөндіру машиналары мен мотопомпалардың тактикалық-техникалық сипаттамалары	3	1	2
3	Өрт сөндіру машиналарымен шығарылатын өрт-техникалық жабдықтары	1	-	1
4	Қол өрт сатылары	1	-	1

5	Өрт жеңдері, жеңдік жабдықтар, өрт сөндіру оқпандары	2	-	2
6	Көбікті өрт сөндіру құралдары мен жабдықтары.	1	-	1
7	Өрт сөндіргіштер	1	1	-
8	Өртке қарсы қызметтегі байланыс	1	-	1
	Барлығы:	11	2	9

IV. Өрт сөндіру-құтқару дайындығы

1	Өрт жеңдерімен, оқпандарымен, жеңдік арматуралармен және керек-жарақтарымен жаттығу	2	-	2
2	Өрт сатыларымен жаттығу	1	-	1
3	Құтқару арқанымен жаттығу. Құтқару және өзін-өзі құтқару	1	-	1
4	Өртте конструкцияларды ашу және құру	1	-	1
5	Су көзіне қойылған өрт сөндіру автомобилінен (мотопомпалар) жауынгерлік өрістету. Жауынгерлік өрістету кезіндегі өрт сөндірушінің іс-әрекеті	2	-	2
	Барлығы:	7	-	7

V. Өрт-тактикалық дайындығы

1	Жану және жанғыш заттар, өрт және оның өршуі туралы жалпы мәліметтер. Өртте жануды тоқтататын негіздер.	2	2	-
	Өрт бөлімшелерінің түрлері және олардың			

2	тактикалық мүмкіндіктері туралы түсінік.	1	1	-
3	Өртті барлау. Өртті барлау кезіндегі өрт сөндірушінің іс-әрекеті.	1	1	-
4	Өрттегі іздеу-құтқару жұмыстары. Адамды құтқару және мүлікті эвакуациялау кезіндегі өрт сөндірушінің іс-әрекеті.	1	-	1
5	Күзетілетін объектілердегі өрттерді сөндіру тактикасы.	4	2	2
	Барлығы:	9	6	3

VI. Өртте зардап шеккендерге дәрігерге дейін көмек көрсету

1	Қан кеткенде тоқтатудың негізгі қағидалары	1	1	-
2	Жасанды тыныс алдыру мен жүрек тұсынан сырттан (тікелей емес) уқалаудың негізгі қағидалары мен әдістері. Соғысын анықтау	1	-	1
3	Жарақат алғанда, шытынағанда, буыны тайғанда, сынғанда дәрігерге дейін көмек көрсету әдістері	1	-	1
4	Термиялық және химиялық күйгенде, үсігенде дәрігерге дейін көмек көрсету әдістері	1	-	1
	Барлығы:	4	1	3

VII. Қауіпсіздік техникасы

1	Қызмет өткеру және өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік шаралары	2	2	-

	Барлығы:	2	2	-
	Емтихан тапсыру	2	1	1
	Барлық сағат:	40	16	24

Кәсіби өртке қарсы
қызметтердің мамандарын
арнайы даярлау бойынша оқыту
курстарының бағдарламасына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Негізгі және арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомашиналарының жүргізушілерін алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2015 № 961 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	олардың ішінде	
			Сыныптық-топтық	практикалық
1	Өрт сөндіру машиналарының сыныптамасы және таңбалауы	1	1	-
2	Негізгі мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері және олардың негізгі тактикалық-техника лық деректері	1	1	-
3	Арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері және олардың негізгі тактикалық-техника лық деректері	1	1	-
4	Өрт сөндіру машиналарының шассиі. Өрт сөндіру машиналары арнайы агрегаттарының қосымша трансмиссиясы	1	-	1

5	Қозғалтқыштың қосымша салқындату жүйесі. Су мен көбіктендіргішке арналған сыйымдылық. Суға, көбіктендіргішке, сорғы бөлігіне арналған сыйымдылықтарды жылыту	1	-	1
6	Өрт сөндіру сорғылары	3	1	2
7	Вакуумдық жүйе. Газ ағысты вакуум-аппаратының және газ дабылдамасының блогы	1	-	1
8	Көбікпен сөндіру құралдары, жабдықтары және аппараттары	2	1	1
9	Өрт сөндіру мотопомпалары	1	-	1
10	Басқару органдары. Өрт сөндіру автомобильдерінің бақылау-өлшеу құралдары. Өрт сөндіру автомобильдерінің қосымша электр жабдықтары. Жауынгерлік топтың кабинасына жылу беру	1	-	1
11	Шанақ, өрт-техникалық жабдықтар	1	-	1
12	Өрт сөндіру автомобильдерінің және олардың арнайы агрегаттарының техникалық жағдайын диагностикалау	2	1	1
	Өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің			

13	біліктілік сипаттамасы мен міндеттері	1	1	-
14	Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу	2	1	1
15	Техникалық құжаттамалар. Отын мен жанармай материалдарының шығыс нормалары, есептен шығару тәртібі	1	1	-
16	Автомобиль радиостанциялары және радио арқылы хабар алмасуды жүргізу тәртібі	1	-	1
17	Жану және жанатын заттар туралы жалпы мәліметтер	1	1	-
18	Өрт сөндірудің негізгі тактикалары	1	1	-
19	Өрт сөндірудің алғашқы құралдары	1	1	-
20	Өрт-техникалық ж ә н е авариялық-құтқару жабдығы, олармен жұмыс істеу тәсілдері	2	1	1
21	Өртке қарсы сумен жабдықтау. Су көздерінен су толтыру	3	1	2
22	Өрт сөндіру автомобильдері қозғалысының теория элементтері мен қауіпсіздік негіздері. Арнайы жарықпен және дыбыс сигналдарымен жабдықталған автомобильдердің қозғалыс қағидалары	1	1	-

23	Өртке қарсы қызмет бөлімшелеріндегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары	2	2	-
24	Өрт сөндіру автомобильдеріндегі жұмыс	4	-	4
25	Емтихандар тапсыру	4	1	3
	Сағат санының барлығы:	40	18	22

Кәсіби өртке қарсы
қызметтердің мамандарын
арнайы даярлау бойынша оқыту
курстарының бағдарламасына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Радиотелефонистерді алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	олардың ішінде	
			сыныптық-топтық	практикалық
	I. Техникалық даярлық			
1	Өртке қарсы қызметтерде байланысты ұйымдастыру. Өрт сөндіру бөлімшелерінің шығу кестесі	2	1	1
2	Электр тогы және оның көздері	1	1	-
3	Сым байланысы. Сым байланысымен жұмыс тәртібі	1	1	-
4	Радиобайланыс, жұмыс тәртібі мен	4	2	2

	радио арқылы хабар алмасу			
5	Автоматты өрт сөндіру және өрт-күзетінің сигнализациясы. Өрт сигнализациясы станциялары	1	1	-
6	Өрт туралы хабарламаларды қабылдау тәртібі және жауынгерлік есептоптарды шақыру орнына жөнелту	2	1	1
7	Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының орталық өрт байланыс пунктімен, авариялық-құтқару қызметтері мен бөлімшелерімен, өзара іс-қимыл қызметтерімен, кезекшілік және өртке, аварияға шығу режимдерінде күзетілетін объектілердің диспетчерлік қызметтерімен байланыс	2	1	1
8	Өрт сөндіру басшысымен және өрттегі, авариялардағы бөлімшелердің жауынгерлік есептоптарымен байланыс, өрттегі күш пен құралдар іс-әрекетін, сондай-ақ қалыптасқан ахуалды хронологиялық есепке алу	5	1	4
	Күзетілетін объектілерде қолданылатын			

9	байланыс, сигнализация және жарықтандыру құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі қағидалары	2	2	-
	Барлығы:	20	11	9
	II. Арнайы даярлық			
1	Негізгі өрт сөндіру автомобильдері	1	-	1
2	Арнайы және қосалқы өрт сөндіру автомобильдері	1	-	1
3	Өртке қарсы сумен жабдықтау	2	1	1
4	Өрт сөндіруді, авариялар, дүлей зілзалалар салдарын ж о ю д ы ұйымдастыру	2	2	-
5	Бөлімнің байланыс пунктінің жедел-қызметтік құжаттамалары, оларды жүргізу тәртібі	2	-	2
6	Радиотелефонистің жұмысын регламенттейтін басшылыққа алалатын құжаттар. Радиотелефонистің жұмысын ұйымдастыру	2	2	-
7	Бөлімнің байланыс пунктінің бағдарламалық қамтамасыз ету	2	1	1
8	Байланыс құралдарымен жұмыс істеу тәсілдері	4	-	4
9	Емтихан тапсыру	4	1	3
	Барлығы:	20	7	13
	Барлық сағат саны:	40	18	22

Ескертпе: Радиотелефонистерді алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспарына түсінік осы Тақырыптық жоспарға қосымшада келтірілген.

Кәсіби өртке қарсы
қызметтердің мамандарын
арнайы даярлау бойынша оқыту
курстарының бағдарламасына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Өрттің алдын алушы нұсқаушыларды алғашқы даярлаудың
тақырыптық жоспары**

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	олардың ішінде	
			Сыныптық-топтық	Практикалық
I. Өрттің алдын алу даярлығы				
1	Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы	1	1	-
2	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары	1	1	-
3	Құрылыстағы өртке қарсы нормалау	1	1	-
4	Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі	1	1	-
5	Құрылыс материалдары мен конструкцияларының өрт қауіптілігі және өрттен қорғау	2	2	-
6	Отқа төзімділігі және жарылыс өрт қауіптілігі бойынша ғимараттарды санаттау	3	2	1
7	Ғимараттың құрылыс	2		1

	конструкциялары сараптамасының жалпы әдістемесі		1	
8	Өртке қарсы тосқауылдар мен жарылыстар	1	1	-
9	Өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау	1	1	-
10	Жылыту және желдеткіш жүйелерінің өрт қауіпсіздігі	1	1	-
11	Сыртқы және ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау	1	1	-
12	Электр қондырғыларының өрт қауіпсіздігі	2	1	1
13	Құрылыс монтаждау, дәнекерлеу және басқа да отпен жұмыс істеу кезіндегі өрт қауіпсіздігі	2	2	-
14	Қоғамдық және өндірістік ғимараттарға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары	2	2	-
15	Объектінің өртке қарсы жай-күйін тексеру әдістемесі	4	-	4
	Барлығы:	25	18	7
II. Тактикалық-техникалық дайындық				
1	Өрт сөндіру автомобильдерінің мақсаты, тактикалық-техника лық сипаттамалары және өрт-техникалық жарақтануы	1	1	-
2	Өртте жануды тоқтату тәсілдері. Өртті сөндірудің негізгі тактикалары	1	1	-

3	Алғашқы өрт сөндіру құралдары	1	1	-
4	Қол және автоматты өрт сигнализациясын және өрт сөндіру, түтіннен қорғау және өрт кезінде адамдарды құлақтандыру жүйелерін орнату	1	1	-
5	Өртке қарсы қызметтегі байланыс құралдары	1	1	-
6	Өрт туындаған кездегі іс-әрекеттер	1	1	-
7	Өртке қарсы қызметтегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	1	1	-
	Барлығы:	7	7	-
III. Өртте зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету				
1	Термиялық және химиялық күйген, үсіген, электр тогымен зақымдалған кезде дәрігерге дейін алғашқы көмек көрсету тәсілдері	2	1	1
2	Жарақат алғанда, шытынағанда, буыны тайғанда, сынғанда дәрігерге дейін көмек көрсету тәсілдері	2	1	1
	Барлығы:	4	2	2
	Сынақ тапсыру	4	1	3
	Барлық сағат:	40	28	12

Кәсіби өртке қарсы
қызметтердің мамандарын
арнайы даярлау бойынша оқыту
курстарының бағдарламасына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Газ-түтіннен қорғау қызметі шеберлерін даярлаудың
тақырыптық жоспары**

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		барлығы	Оның ішінде	
			Сыныптық-топтық	Практикалық
1	Газ-түтіннен қорғау қызметін ұйымдастыру. Газ-түтіннен қорғау қызметтерінің міндеттері мен функциялары. Жеке құрамды тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен жұмыс істеуге даярлау	1	1	-
2	Тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдарының мақсаты және сыныптамасы	1	1	-
3	Газ-түтіннен қорғау қызметінің базаларында және бақылау бекеттерінде тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын ұстау	1	1	-
4	Өрт сөндіру автомобильдерінде тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын жауынгерлік есепке қою және орналастыру. Газ-түтіннен қорғау қызметінің автомобильдері	1	1	-
5	Газ-түтіннен қорғау қызметі базасының және бақылау бекеттерінің жұмысын қамтамасыз ету. Газ-түтіннен қорғау	2		1

	қызметінің қызметтік құжаттамасы және оны жүргізу тәртібі		1	
6	Газқағарлар мен тыныс алу аппараттарына техникалық қызмет көрсету үшін қолданылатын аспаптар, жабдық пен материалдар	1	1	-
7	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын жауынгерлік тексеру қағидалары мен тәртібі	1	-	1
8	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын № 1 тексеру қағидалары мен тәртібі	1	-	1
9	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын № 2 тексеру қағидалары мен тәртібі	3	1	2
10	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын № 3 тексеру қағидалары мен тәртібі	3	1	2
11	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын тазалау, реттеу және зарарсыздандыру	1	-	1
12	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын жөндеу базасы. Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарына тән ақаулар және оларды жою тәсілдері	1	-	1

13	Газ-түтіннен қорғау қызметінің бақылау бекеті	1	-	1
14	Газ-түтіннен қорғаушыларды даярлау, аттестаттау және тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен жұмыс істеуге рұқсат беру. Газ-түтіннен қорғаушылардың құқықтары мен міндеттері	1	1	-
15	Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен жұмыс істеу параметрлерінің есептерін жүргізу әдістемесі	1	-	1
16	Өртте тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен жауынгерлік іс-қимыл жасау кезіндегі жұмыс істеу қағидалары және қауіпсіздік талаптары	1	1	-
17	Оқшаулағыш газқағарлар мен тыныс алу аппараттарымен жұмыс істеу ерекшеліктері	2	2	-
18	Қысымда жұмыс істейтін сауыттарды пайдалануды ұйымдастыру	3	1	2
19	Оттегі компрессорлары, оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары	6	2	4
20	Әуе компрессорлары, оларды пайдалану	6		4

	кезіндегі қауіпсіздік талаптары		2	
	Сынақ	2	2	-
	Барлық сағат:	40	19	21

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасына
6-қосымша

Газдан қорғаушыларды алғашқы даярлаудың тақырыптық жоспары

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.06.2022 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасына
7-қосымша

Парамедиктерді оқыту жөніндегі тақырыптық жоспар

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.06.2022 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 қаңтардағы
№ 48 бұйрығына
2-қосымша

Кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарын бітіргені туралы куәліктің үлгісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.07.2025 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мамандандырылған оқу орталығының атауы		Наименование
	Оқу орнының логотипі	Специализированного учебного центра

№ _____ КУӘЛІК

Осы куәлік _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

_____ арнайы даярлау курсы ойдағыдай өткенін растайды
оқыту кезеңі _____

— Директор _____

(Т.А.Ә.(ол болған кезде) (қолы) М.О.

Берілген күні 20__ жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК